

ХЖТ кітапшасын қолдана отырып жүктерді халықаралық тасымалдау жүйесін дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 29 тамыздағы N 1307

Қазақстандық халықаралық автокөлік тасымалдаушыларына транзиттік мемлекеттердің шекараларынан өтуде қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесетін ХЖТ кітапшасын қолдана отырып жергілікті халықаралық тасымалдау жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кеден конвенциясының 1975 жылғы ХЖТ кітапшасын қолдану арқылы жүктерді халықаралық тасымалдау туралы 6-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің ұсынысына келісім берілсін, Қазақстан Республикасының Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары одағына ХЖТ кітапшаларын беру және жүктерді тасымалдау кезінде тиісті кепілдіктер ұсыну құқығы берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті:

республикада мемлекет пен қазақстандық тасымалдаушылардың экономикалық мүдделерін тиімді қорғауға бағытталған халықаралық қатынастарда тасымалдауды және кедендік бақылауды ұйымдастыру саласында автомобиль көлігі жөніндегі мемлекетаралық келісім мен 1995 жылғы ХЖТ конвенциясының талаптарымен келісілген мемлекеттік саясатты

жүргізуді қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Халықаралық автомобиль тасымалдаушылары одағына 1975 жылғы ХЖТ конвенциясына сәйкес ХЖТ рәсімдерін пайдалану кезінде кепілдікті бірлестік функцияларын жүзеге асыруда жәрдем көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК